

3 сурет. «Сабақтар» беті.

Сонымен, өңделген электронды оқулықты оқу үрдісінде тәжірибе жүзінде қолдануға болады. Бұл оқулық қазақ тілін тез әрі жетік үйренгісі келген мектеп оқушыларына, студенттерге, сонымен қатар үлкен аудиторияларға арналған. Электронды оқулықты оқытушылар (дәріс сабақтарында) және өзін өзі оқыту барысында (үйде, кітапханада, сыныпта) қолдануға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиева Г. Қ. Электрондық оқулықтар – мұғалім мен оқушы арасындағы әрекеттестікті гуманизациялау құралы// «Информатика негіздері» республикалық журналы, №2, 2002.- 2-3 б.
2. Тажигулова А. И. Конструирование электронных учебников//Научно-практический журнал «Информационные технологии в Казахстане», №1, 2000.- С. 42-43.
3. Т. А. Сауытова, «Казахский язык для начинающих», Алматы «Ана тілі», 2003г., с. 400
4. <http://delphi-prg.ru/>

Айтбенова А.А.¹, Балгабекова А.К.²

1. *Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

SCRIBUS-ТЫҢ ТӨРТ ПАЙДАЛЫ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Қазір бүкіл әлемде индустриалдық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға және оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді тұрақты түрде дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға, яғни негізгі рөлді ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерін атқаратын жаңа қоғамға көшу үрдісі жүріп жатыр.

Ақпараттық қоғамға ауысу ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту мен күнделікті тұрмыста пайдалану жолымен, яғни қоғамды ақпараттандыру істерін дамыту арқылы іске асырылады.

Scribus басып шығаруға тираждалған жоғарғы сапалы беттер жасауға болатын Open Source бағдарламасы болып табылады. Scribus-та жасалынған жобалар баспаханада басып шығаруға толық дайын болып шығады. Бұдан басқа, бағдарламаның беттерді жақсартып басып шығаруға көптеген қосалқы мүмкіндіктері бар.

Заманға сай және қолайлы графикалық интерфейстен басқа Scribus бағдарламасы CMYK, Spot Colors түстік моделі, ICC түсті шығаруға арналған басқару жүйесі, PDF файлдарды жасауға арналған кәсіби баспаханалық жүйелерге ие.

Scribus бағдарламасын ұсынудың себебі: Біріншіден, бұл бағдарлама жеңіл таратылымда. Екіншіден, бұл бағдарлама кез келген мақсатта - басып шығару үшін немесе электрондық түрде таратуға арналған жоғарғы сапалы құжаттар жасауға мүмкіндік береді.

Scribus бағдарламасының мынандай мүмкіншіліктері бар:

1. *Өзіндік құжат пішімі* (беттің шаблондары; қолданбалы кернинг, құжатқа қаріптер енгізу; топтастыру, байланыстыру, бұғаттау, нысан өлшемін өзгерту, нысан типін өзгерту).

2. *Жариялану (Публикация)* (PostScript Level 2 деңгейі, Level 3 және PDF 1.4 көптеген мүмкіншілігі, 128-биттік шифрлау мен градиенттеу; PDF/X-3 толық сәйкестік, ISO тың PDF форматта баспадан шығару; PostScript және PDF форматында символдардың қаріпі мен экспортын қолдану; топографиялық құралдарда баспа файлдарын құру).

3. *Файл форматы* (XML форматында толықтай құжаттама; EPS (Encapsulated PostScript), JPEG (Joint Photographic Experts Group), PNG (Portable Network Graphics), TIFF (Tag Image File Format) және XPM (Xpixmap); SVG 1.0 (Scalable Vector Graphics) құжаттарды импорттау және экспорттау; OpenOffice.org 1.x, OASIS OpenDocument Writer и Draw разметка стилін сақтау, MS Word, HTML және Palm PDB құжаттары).


4. *Архитектура* (модульдер және экспорттау/импорттау үшін API модулі; Scribus және автоматтандыруда функцияның Python қуатты модулі; Linux және Unix үшін GPL нұсқалы QT 3 операциялық жүйесі, ол Windows және Mac OS X –та жұмыс жасайды).

5. *Пайдалану мақсаты* (бюллетень, постер, оқу материалдары, техникалық құжаттар, визитка, циркуляр жасауда; PDF және көрнекілік құралдар жасауда және көптеген жерлерде қолданылады).

Scribus бағдарламасы іске еркін және сенімді қуатты үстелдік баспа жүйесі болып табылады. Scribus бағдарламасына қарама-қарсы көбінесе кең таралған баспалық жүйелері бар, мысалы Microsoft Publisher, Adobe PageMaker; Adobe InDesign. Ол документтеуге арналған нашар құжатталған коммерциялық файл пішімі бар.

Бұл мақалада Scribus-тың төрт пайдалы құралдарын сипаттайық. Олар – күнтізбелер жасау шебері, құжатты әсемдеу үшін түстерді ауыстыру құралы, штрих-кодтар мен бөлімдер құру.

Күнтізбелер жасау шебері. Кейбір себептерге байланысты Scribus Python скрипттік тілде жазылған бірнеше кеңейтілімдерге ие. Бірақ, бұған қарамастан, плагиндер арасында өте пайдалы скрипт бар, ол күнтізбелер жасау шебері. Бұл скрипт Scribus –тің барлық нұсқаларында бар. Оған "*Script > Scribus Scripts*" мәзірі арқылы кіруге болады. Егер ол қолданып жатқан нұсқада болмаса, оны Calendar адресінен таба алуға болады. Қолданыстағы скриптің кодын өзгерту үшін /usr/share/scribus/scripts жолына өтіп online-нұсқа арқылы жасауға болады.



Сурет 1. Күнтізбелер жасау шебері


Күнтізбе жасау үшін бірінші қажетті тілді таңдап, қосымша өлшемдер орнату керек. Жылы, айы құрылатын күнтізбеге қосылған. Барлығы дайын болғанда, «OK» батырмасын басу керек. Шебер әр айдың күндері бөлек бетте орналасқан жаңа құжатты құрады.

Сонымен қатар, беттің бос қалған бөлігінде графикалық элементтер құрылады. Оған қажет болған суретті енгізіп, қаріпті өзгертуге, демалыс пен мейрам күндерін жүктеуге болады.


Түстерді ауыстыру. Бұл скриптті құжатты әрлеудің түстік гаммасын өзгертеді. Бұл скрипт құжаттың әр түрлі дизайнерлік комбинацияларын, тәжірибе жасау жұмыстарын автоматтандырады және уақытты үнемдейді.

Бір түсті басқа түске ауыстыру үшін өзгеріс керек нысанды белгілеп, «*Edit > Replace Colors*» мәзіріне өту керек. Жай сұхбаттық терезеде түстерді өзгерту амалынын орындау керек (Сурет 2).

Штрих-кодтарды құру. Scribus бағдарламасында штрих-кодтарды құруда ең қолайлы саймандар бар. Бұл скриптті іске қосу үшін мәзірден «*Insert > Barcode*» сұхбаттық терезесін ашу керек (Сурет 3).



Сурет 2. Түстерді ауыстыру терезесі



Сурет 3. «Insert Barcode» сұхбаттық терезесі


Scribus-та он сегіз түрлі штрих-кодтар қолданылады және олардың әрқайсысына бөлек тақтада қысқаша анықтамалығы бар. Анықтамалықта штрих-кодты форматтау мен оларды қалай қолдану керек екені берілген. Мұндай мүмкіндіктен бөлек, қолмен енгізуге болатын сұхбаттық терезе жұмыс жасайды. Штрих-кодқа анықтама жасау үшін фон түстері, штрих-кодтың қаріпі мен сызықтарын өзгерту мүмкіншілігі жасалған. «OK» батырмасын басқаннан

соң, кәдімгі жақтауларды құру сияқты штрих-кодты құжаттың қай бөлігіне қою керек жерінен сызу керек.

Бөлімдер. Scribus бағдарламасында бөлімдер екі мақсатта қызмет етеді.

Бірінші, бөлімдер көмегімен бір-бірінен қалған құжаттың жеке беттерін нөмірлеу. Мысалы, сізге құжаттаға беттердің біреуіне нөмірді рим санымен, ал қалған беттерді араб сандарымен қою керек болса. Немесе сізге беттердің нөмірі титулдық беттен бастап қою керек болса. *Екінші,* сіз бір ғана файл ішіне әр түрлі түрдегі құжаттарды бөлім арқылы ішіне кірістіре аласыз. Осы пайдалануға бір мысал, егер сізге студенттер үшін тест тапсырмаларын құру қажет болды. Және ол өзінде сұрақтар мен жауаптарды қамтамасыз ету керек. Екі құжаттыда бір файл ішіне қоюға болады. Кейін оларды бөлімдер арқылы жауабы бар дайын құжатты файлдан толықтай басып шығаруға болады.

Бөлімдерді пайдалану үшін «File > Document Setup > Sections» мәзіріне өтемізу керек. Әр бөлім үшін атау қоюға болады және оның көрінісін құжатқа орнату керек. Бөлімдерде беттің диапазонын көрсетуге, нөмірлеу стилін және бірінші беттің нөмірін көрсетуге болады.



Сурет 4. Document Setup сұхбаттық терезесі

Бұл құралдар бағдарламада жұмыс істеуді жеңілдетеді, бірақ бұларды Scribus-та табу оңай емес. Олар туралы білу пайдалы болып табылады.

Scribus бағдарламасын қолданып, келесідей жұмыстарды жасауға болады:



Сурет 5. Scribus



Сурет 6. Scribus бағдарламасында жасалған визиттік карточка

*бағдарламасында жасалған
буклеттің алғашқы беті*

Сонымен, бұл бағдарламалық өнімді күнделікті есептерде, газеттерде, буклеттерде, плакаттарда, рекламаларда, оқу және басқа да типтік демонстрациялық материалдарды баспаға шығаруға дайындау үшін қолдануға болады. Scribus сізге тәжірибе жасауда, жаңашылдық құруда көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Вводный курс по scribus: справочное руководство в формате PDF–режимдоступа: [//http://Linux.hanski.info/static/download/fyug_orig_files/scribesTutorial.tar/gz/](http://Linux.hanski.info/static/download/fyug_orig_files/scribesTutorial.tar/gz/), свободный.
2. Официальный сайт, посвященный scribus: сайт в режиме доступа: <http://www.scribus.net>, свободный.
3. Википедия: статья в системе Wikipedia – режим доступа: <http://ru.Wikipedia.org/wiki/scribus>, свободный.

Оспанова Ш.Б ¹, Беген Т.Қ. ²

1. *Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 1 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

PREZI — БҰЛ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ЖАСАУДЫҢ ЕҢ ЫҢҒАЙЛЫ ТҮРІ

Конференциялар, семинарлар және ұзақ монотонды сөздерден кейін кейбір ақпараттар түрлі себептермен қажетті түрде сіңірілмейді және бұл ересектер жайында, ал мысалы дене шынықтыру сабағынан келген немесе 5-6 сабақ қатарынан өтетін оқушылар жайлы не айтуға болады. Презентацияларды қолдану арқылы оқушылар назарын аударуға болады, бірақ бір типті слайдтармен бұл әдісте сәтсіз аяқталады [1, 25 бет].

Презентацияны құрастыру ең кең таралған әдістердің бірі, әрбір мұғалімнің басынан өтетін. Бұл әдісті іске асыратын танымал құрал ол –Power Point болатын. Бірақ уақыт өте келе, бүгінгі күні бірқатар күшті бәсекелестері пайда болды, олар Power Point-тан еш кем емес, ал кейбіреулері тіпті Power Point-тан асып түседі. Бұндай перспективті жобалардың бірі Prezi онлайн қызметі болып табылады [2, 33 бет].

Prezi — бұл презентация жасаудың ең жаңа түрі. Осы технооголия 2009 жылы пайда болып, бірнеше жылдың ішінде бүкіл әлемге орасан зор әйгілі болды (сурет 1).